

**№265 негізгі мектеп педагог-психологінің 2023-2024 оқу жылында
жүргізілген жұмыстары туралы
А Н Ы Қ Т А М А**

№ 265 негізгі мектебінде оқу жылының басында психологиялық қызмет орталығының жүргізетін жұмыстарының жоспары жасалып, бекітілді. Мектеп психологы ата-ана мен бала арасында және мұғаліммен оқушы арасында өзара тиімді психологиялық тиімді қарым-қатынасын орната білді. Мектеп бойынша оқушыларға жеке папка арналып, оқушылардың психологиялық даму карталары толтырылды.

Бірінші сыныпқа қабылданған оқушыларды психологиялық қолдау мақсатында арнайы жоспар жасалып, психологиялық сабақтар, тренингтер, әдістемелер дер кезінде өткізіліп тұрды.



Қыркүйек айында оқушының мектепке психологиялық дайындығын зерттеу мақсатында 1-сынып оқушыларынан «Керн-Йирасек» әдістемесі жұмысы алынды. Әдістеме нәтижесі сынып жетекшіге таныстырылып, бірлесіп қажетті жұмыстар жүргізілді.

Сонымен қатар жоспарға сай бастауыш сынып оқушыларының танымдық процестерін дамыту мақсатында түрлі психологиялық тренинг жұмыстары өз деңгейінде жүргізіліп отырылды.



Бесінші сынып оқушыларының орта буынға бейімделу кезеңінде психологиялық сүйемелдеу жұмыстары жүргізу мақсатында жыл басында жоспар жасалынды кеңестер берілді.

5 сынып оқушыларының сабақта өзін-өзі ұстау ережелерін қабылдау, ішкі ресурсты іске асыру, құрдастарымен бірге пікірталастарға қатысу және сұрақтарға жауап беру мақсатында "Бесінші сынып дегеніміз не?", тақырыбында түзету сабағы өткізілді. Нәтижесінде оқушылар тақырыпты толық түсінді. Балалардың барлығы дерлік өздерімен жақсы жұмыс жасай алатындықтарын көрсетті.

Мектеп бойынша 6-9 сынып оқушылары арасында «Буллинг, кибербуллинг» туралы түсініктемелер берілді.



Жеткіншектердің қарым-қатынас дағдыларын дамыту мақсатында 5-7 сынып оқушыларына психологиялық ойын-жаттығулар жүргізілді. Нәтижесінде оқушыларының көңіл-күйі жақсы дәрежеде екендіктері анықталды.



7-9 сынып оқушыларына психологиялық көмек жұмыстары беріліп тренинг ойындары жүргізілді.



Дасс шкаласы бойынша алынған сауалнама нәтижесі бойынша қадағалау тобына жататын сынып оқушылары анықталмады. Сонымен қатар жоспарға сай сынып оқушылары арасында түрлі психологиялық тренинг жұмыстары өз деңгейінде жүргізіліп отырылды.




9-сынып оқушыларының кәсіби бейімділік деңгейін анықтау мақсатында Л.Йовайшидің кәсіби бейімділік сауалнамасы алынды. Мақсаты белгілі бір мамандық тандауына көмек көрсету, түрлі мамандықтар туралы мағлұматтар беру.

Сауалнамаға оқушылар толық қатысты. Сауалнама қорытындысына сәйкес оқушыларға мамандық түрлері туралы толығырақ түсіндірілді.

№265 негізгі мектеп директоры:  Н.Жусупов.

Орындаған №265 негізгі мектеп педагог-психологы:

 Ж.Қонысбаев